

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.1 20 беттен
---	---	---------------

БЕКІТІЛДІ

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(«02» қазан 2020 ж. № 1 хаттама)

(өзгерінген мешіттегі тұралар:
2024 ж. 12 қаннадағы №2 шешім;
2024 ж. 23 сәуірдегі № 3 хаттама)



«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы - Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау ТӘРТІБІ

1. Жалпы ережелер

1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы - Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Занына, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі - Қоғам) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және Басқарма Төрағасы - Ректорды сайлаудың (тағайындаудың), Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындаудың, Басқарма мүшелерін сайлаудың тәртібін айқындаиды.

2. Басқарма Төрағасы - Ректорды сайлау (тағайындау) тәртібі

2.1 Басқарма Төрағасы - Ректорды сайлау (тағайындау) Қоғамның Жалғыз акционері ретінде тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі – уәкілетті орган) ерекше құзыретіне жатады.

Басқарма Төрағасы - Ректорды сайлау (тағайындау) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүргізіледі және келесі кезеңдерден тұрады:

- Конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- Конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялау;
- Басқарма Төрағасы – Ректордың лауазымына үміткер тұлғалардан күжаттар қабылдау;
- Конкурсқа қатысуға құжат тапсырған тұлғаларды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау;

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік коғамының Баскарма Төрағасын –Ректорды ірктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.2 20 беттен
---	--	---------------

- Баскарма Төрағасы - Ректордың лауазымына ұміткер кандидаттардың құжаттарын Директорлар кеңесінің отырысында қарау;

- Баскарма Төрағасы - Ректордың лауазымына ұміткер кандидаттардың құжаттарын Республикалық комиссия отырысында қарау;

- Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органмен Баскарма Төрағасы – Ректорды сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдау.

2.2 Баскарма Төрағасы – Ректордың лауазымына Конкурс өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі оны өткізу шарттарын, күні мен орнын белгілейді.

2.3 Баскарма Төрағасы – Ректордың лауазымына Конкурс өткізу туралы 1-Қосымшаға сәйкес хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында (уәкілетті органның және Қоғамның интернет-ресурсында) конкурс өткізілетін күнге дейін он күнтізбелік күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады (12.01.2024, №2 шешім негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

2.4 Баскарма Төрағасы – Ректордың лауазымына кандидатураларды ірктеу кезінде негізгі талаптар болып мыналар табылады:

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің бар болуы, ғылыми атағының (болғаны жөн);

2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент, мемлекеттік жастар саясатының қағидаттарын білу (соңғы 3 жылдағы растау құжаттарымен);

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрандыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы (соңғы 3 жылдағы растау құжаттарымен);

5) көшбасшылық, креативтілік, жаңашылдық, сынни түрғыдан ойлау, құқық бұзушылықта төзбеушілік;

6) қазақ және орыс тілдерін менгеру, ағылшын тілі болғаны жөн (менгеру деңгейі туралы сертификат көрсетіледі);

7) ғылым және жоғары білім сферасындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы (соңғы 3 жылдағы).

Соңғы 3 жылда Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болғаны жөн (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

2.5 Конкурсқа барлық ниет білдірушілер, оның ішінде осы Тәртіpte көрсетілген талаптарға сәйкес келетін шетел азаматтары да қатыса алады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.3 20 беттен
---	---	---------------

2.6 Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға қағаз және электрондық тасымалдағышта келесі күжаттар ұсынылады:

- 1) 2 -Қосымшаға сәйкес ұлгідегі өтініш;
- 2) Конкурсқа қатысушының жеке тұлғасын растайтын күжаттың көшірмесі;
- 3) Конкурсқа қатысушының 3x4 мөлшердегі түрлі-түсті суретімен қоса 4-Қосымшаға сәйкес ұлгіде қызмет тізімі;
- 4) жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасы;
- 5) білім туралы күжаттар мен олардың қосымшаларының көшірмелері, салыстыру үшін олардың түпнұсқаларын ұсыну арқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматтары - «Болашақ» халықаралық стипендия иегерлеріне шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтар және зертханалармен берілген, сонымен қатар өзара растау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы күжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру мекемелерінен алынған білім туралы күжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген білім туралы осы күжаттарды ностирификациялау немесе растау туралы күәліктердің көшірмесі қоса тіркеледі;

- «Болашак» халықаралық стипендиясының иегерлерлеріне берілген білім туралы күжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша окуын аяқтаганы туралы анықтаманың көшірмесі қоса тіркеледі;

- өзара растау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы күжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген осы білім беру күжаттарын растау туралы анықтаманың көшірмелері қоса тіркеледі;

6) жұмыс орны бойынша (қазіргі немесе соңғы) кадрлық қызмет күәландырған енбек жолын растайтын күжаттың көшірмесі;

7) күжаттарды ұсынған күнге дейін алты ай ішінде берілген денсаулығы туралы № 075/у ұлгі бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

8) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, күжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;

9) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, күжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес, қызметке орналасуға тыйым салынбағандығын растайтын күжат;



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.4 20 беттен
---	---	---------------

11) соңғы 3 жылдағы ғылым және жоғары білім сферасындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының көшірмесі (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу шаралары жүргізілгенде, төтенше жағдай енгізілгенде, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алғанда, қызмет алушы Конкурсқа қатысуышылар 8, 9 және 10 тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар осы Тәртіптің 2.4-тармақтың 3,4-тармақшаларында көрсетілген критерийлерге қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі, ғылыми (грантық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру), білім беру және инвестициялық жобаларға қатысу туралы құжаттардың көшірмелері, тәрбиелік сипаттағы жарияланымдардың көшірмелері, сондай-ақ олардың кәсіби қызметін сипаттайтын өзге де мәліметтер түрінде растайтын құжаттарды ұсынады (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға осы Тәртіптің 2.6 тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасын (бұдан әрі – даму бағдарламасы) уәкілетті органға осы Тәртіптің 2.3 тармағында белгіленген мерзім ішінде ұсынады.

2.7 Кандидаттар ұсынатын Қоғамның даму бағдарламасының мазмұны мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша пайымы, миссиясы, Қоғамдағы бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мұдделер мен міндеттерді сақтауға сәйкес Қоғамның құндылықтары мен даму перспективалары (ұлттық және өнірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары);

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) Қоғам тап болатын және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі син-қатерлер және олар бойынша шешімнің ұсыныстары (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, мәселелер, шешімдердің сабактастығы);

4) конкурсқа қатысушы ұсынатын Қоғамның даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

Қоғамның даму бағдарламасы Power Point форматында көлемі 10 слайдтан аспайтын презентация түрінде рәсімделуі керек (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

2.8 Құжаттарын өткізген тұлғаларды Конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімді құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.5 20 беттен
---	---	---------------

тұлғалардың тізімі барлық құжаттарымен бірге уәкілетті органмен Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысына жолданады.

2.9 Конкурсқа қатысуға жіберілмейтін тұлғалар:

- 1) жиырма бес жасқа толмағандар;
- 2) бұрын сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағандар;
- 3) өтелмеген немесе алып тасталмаған соттылығы барлар;
- 4) арнайы медициналық мекемелерде есепте тұратындар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

2.10 Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары, сондай-ақ кандидаттар ұсынған даму бағдарламалары Директорлар кеңесінің отырысында жеті жұмыс күні ішінде қаралады.

Директорлар кеңесінің отырысында кандидаттың қатысуы міндетті болып табылады.

2.11 Корпоративтік хатшы:

- 1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындайды;
- 3) Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын Қоғамның сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне ұсынады (23.04.2024, №3 хаттама негізінде ғозгертулер мен толықтырулар).
- 4) Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау үшін Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференцбайланыс (қажет болған жағдайда) арқылы өткізуді қамтамасыз етеді, отырыстың өту барысына бейнежазба жүргізеді, бейне-жазбаны электронды тасымалдағышта сактауды қамтамасыз етеді;
- 5) дауыс берудің құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын бағдарламалар/косымшалар арқылы немесе басқа да электронды тәсілдерді қолдану арқылы жасырын дауыс беру өткізуді қамтамасыз етеді;
- 6) Директорлар кеңесімен ұсынған Басқарма Төрағасы – Ректордың лауазымына кандидаттардың тізімін жасайды және Республикалық комиссияның отырысында қарау үшін уәкілетті органға жолдайды.

2.12 Директорлар кеңесінің отырысы оған Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса занды деп саналады.

2.13 Басқарма Төрағасы – Ректордың лауазымына Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарауга арналған отырысты бейнеконференцбайланыс (бұдан әрі - БКБ) режимінде өткізуге рұқсат етіледі.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.6 20 беттен
---	---	---------------

2.14 Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына үміткерлер тұлғаларды іріктеу кезінде Директорлар кеңесі кандидаттар ұсынған Қоғамның даму бағдарламаларын қарастырады және олар:

- мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының сәйкестігіне;
- Қоғам дамуының негізгі мәселелері мен перспективаларын түсінуіне (өзектілігі, Қоғам әлеуетімен, ресурстармен үйлесімділігі және оларды пайдалану тиімділігі, тәуекелдерді бағалаудың болуы, сыртқы факторларды есепке алу, индикаторлардың негізділігі мен қолжетімділігі);
- Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде Қоғамның материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі пайымға;
- Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағаланады (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).


2.15. Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы – Ректор лауазымына үміткерлердің құжаттарын қараған кезде Қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қатысады, ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне үміткерлердің жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауы жөніндегі қосымша ақпаратты алдын ала береді. Ақпарат растайтын құжаттармен қорытынды түрінде рәсімделеді (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

2.16 Кандидаттардың бағдарламасын, сондай-ақ олардың жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған нормаларды сақтауы жөніндегі қосымша ақпаратты (бар болса) тындау нәтижелері бойынша, оларды ресми теріске шығаруды нақтылай отырып, Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына кандидаттарға ұсыным/ұсыныман бас тарту туралы шешім қабылдайды (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

2.17 Жоғары оқу орнын дамыту бағдарламасын қарап болғаннан кейін Директорлар кеңесі жасырын дауыс беру арқылы кемінде үштен екі дауыспен Республикалық комиссияның қарауына кандидатты (кандидаттарды) анықтайды.

2.18 Басқарма Төрағасы – Ректордың лауазымына Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары Директорлар кеңесінің мәжілісінде БКБ режимінде қаралған жағдайда дауыс беру бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін басқа да электронды тәсілмен жүргізіледі.

2.19 Басқарма Төрағасы – Ректордың лауазымына Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарастыру нәтижелері бойынша, қойылған талаптарға сай болған жағдайда, Республикалық комиссияның қарауына беру үшін Директорлар кеңесі ұсынылған кандидаттардың тізімін жасайды.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.7 20 беттен
---	---	---------------

2.20 Егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіpte белгіленген талаптарға сай келетін екеуден az кандидаттың құжаттары берілсе не құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспеген болса немесе кандидаттар ұсынылmasa, Директорлар кеңесі Конкурсты өтпеді деп таниды және қайтадан Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

2.21 Шешім қабылданғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына ұсынылған кандидаттың сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы уәкілетті органга жіберіледі (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулөр мен толықтырулар).

2.22 Уәкілетті орган конкурста қатысу үшін Директорлар кеңесі ұсынған үміткерлердің материалдарының толықтығы мен дұрыстығын тексереді, содан кейін оларды Республикалық комиссия мүшелеріне жібереді (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулөр мен толықтырулар).

2.23 Республикалық комиссияның құрамын уәкілетті орган айқындаиды.

2.24 Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және конкурста қатысушылармен әңгімелесу өткізеді, оның қорытындысы бойынша ашық дауыс беру арқылы Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына тағайындауға кандидат көпшілік дауыспен айқындалады.

Дауыстар тең болған кезде Республикалық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулөр мен толықтырулар).

2.25 Конкурс нәтижелері туралы Комиссия ашық дауыс берілгеннен кейін кандидаттарды хабардар етеді (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулөр мен толықтырулар).

2.26 Конкурс өткізу кезінде Республикалық комиссияның отырысына Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына орналасуға кемінде екі кандидаттың материалдары ұсынылады.

Егер Директорлар кеңесі ұсынған кандидат(тар) конкурста қатысудан бас тарту туралы өтініш берсе, Конкурс өтпеді деп танылады және Қоғамның Директорлар кеңесі қайта конкурс өткізу туралы хабарлайды (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулөр мен толықтырулар).

2.27 Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссиямен Басқарма Төрағасы – Ректордың лауазымына кандидат анықталмаған болса, онда Директорлар кеңесі конкурсты өтпеді деп танып, қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, конкурстық комиссияның он қорытындысын алған конкурста қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ қызмет тізімі, өтініші және конкурстық іріктеуден өтпегендердің құжаттары уәкілетті органның кадрлық қызметінде сақталады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын – Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.8 20 беттен
---	--	---------------

2.28 Республикалық комиссияның шешімі Басқарма Төрағасы – Ректорды тағайындауга негіз болып табылады.

Басқарма Төрағасы – Ректордың кандидатурасы бойынша Республикалық комиссияның оң шешімі негізінде Жалғыз акционер ретінде уәкілдеп тағайындаудың туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын (бұдан әрі - Шарт) жасайды.

2.29 Осы Тәртіптің 2.4-тармағына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болған кезде Республикалық комиссия шешім қабылдаған кезде қолданыста болатын мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдары тізіліміне сәйкес лауазымдары мемлекеттік саяси лауазымдарға жатқызылған жағдайда, өз өкілдептерін теріс себептермен тоқтатқандарды қоспағанда, өз өкілдептерін кемінде алты ай орындаған және оларды тоқтатқан мемлекеттік саяси қызметшілері мен «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін Жалғыз акционердің шешімімен ерекше мәртебесі жоқ Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректорын тағайындауга жол беріледі (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

2.30 Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін (егер мерзімі айқындалса) тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады, тоқтатылады (күші жойылады) немесе Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады (23.04.2024, №3 хаттама негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

3. Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау

3.1 Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау Жалғыз акционер ретінде уәкілдепті органының ерекше құзыретіне жатады.

3.2 Жалғыз акционер Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау тәртібін, өкілдептік мерзімін анықтауды және оның өкілдептілігін мерзімнен бұрын тоқтату тәртібін, сонымен қатар оның тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені қарау тәртібін дербес анықтайды.

3.3 Жалғыз акционермен қабылданған оң шешім негізінде Басқарма Төрағасы – Ректор Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын жасайды.

3.4 Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесімен еңбек шарты Жалғыз акционер анықтаған мерзімге жасалады. Шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе бұзылады.

3.5 Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесі атқаратын лауазымына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін Шарт

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік когамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.9 20 беттен
---	---	---------------

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

4. Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (Басқарма Төрағасы – Ректор мен Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда)

4.1 Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін анықтау және Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма Төрағасы – Ректор мен Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

4.2 Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма Төрағасы – Ректор мен Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) ашық конкурс (бұдан әрі - Конкурс) арқылы жүргізіледі және келесі кезеңдерден тұрады:

- Конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- Конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялау;
- Басқарма мүшелері лауазымына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
- Басқарма мүшелері лауазымдарына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарau (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда), әңгімелесу өткізу және сайлау туралы Директорлар кеңесінің отырысында шешім қабылдау.

4.3 Директорлар кеңесі өзінің отырысында Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын анықтайды. Қоғамның Басқарма мүшелері лауазымдарына Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізу шарттарын, өткізу күні мен орнын анықтайды.

4.4 Қоғамның Басқарма мүшелері лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) Конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурс өткізіletін күнге дейін он күнтізбелік күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында (уәкілетті органның және Қоғамның интернет-ресурсында) мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады (12.01.2024, №2 шешім негізіндегі өзгертулер мен толықтырулар).

4.5 Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) үміткер кандидаттарды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар болып мыналар табылады:

- 1) жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі кейінгі білімінің болуы;
- 2) білім беру мекемелерінде және (немесе) тиісті салалардың уәкілетті органдарында басшы қызметтерде кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрагасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.10 20 беттен
---	---	----------------

4.6 Конкурсқа барлық ниет білдірушілер, сонын ішінде осы Тәртіпте көзделген талаптарға сай келетін шетел азаматтар қатыса алады.

4.7 Конкурсқа қатысу үшін Корпоративтік хатшыға қағаз және электрондық тасымалдағышта келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) 3 - Қосымшаға сәйкес үлгідегі өтініш;
- 2) Конкурсқа қатысушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) Конкурсқа қатысушының 4- Қосымшаға сәйкес үлгіде 3x4 мөлшердегі түрлі-түсті суретімен қоса қызмет тізімі;
- 4) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшаларының көшірмелері, салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсыну арқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматтары - «Болашақ» халықаралық стипендия иегерлеріне шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтар және зертханалармен берілген, сонымен қатар өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру мекемелерінен алынған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген білім туралы осы құжаттарды ностирификациялау немесе мойындау туралы күәліктердің көшірмесі қоса тіркеледі;

- «Болашак» халықаралық стипендиясының игерлерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша оқуын аяқтаганы туралы анықтаманың көшірмесі қоса тіркеледі;

- өзара мойындау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген осы білім беру құжаттарын мойындау туралы анықтаманың көшірмелері қоса тіркеледі

5) жұмыс орны бойынша (қазіргі немесе соңғы) кадрлық қызмет күәландырған енбек жолын растайтын құжаттың көшірмесі;

6) құжаттарды ұсынған күнге дейін алты ай ішінде берілген денсаулығы туралы № 075/у үлгі бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

7) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;

8) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес, құжаттарды ұсынған күнге дейін бір жыл ішінде берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес, қызметке орналасуға тыйым салынбағандығын растайтын құжат.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрагасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.11 20 беттен
---	---	----------------

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу шаралары жүргізілгенде, төтенше жағдай енгізілгенде, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алғанда, қызмет алушы Конкурсқа қатысуышылар 7, 8 және 9 тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің білімдеріне, жұмыс тәжірибелеріне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпараттарды бере алады (біліктілік жоғарылату, ғылыми дәрежелер мен атақтар алу, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өздерінің кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын басқа да мәліметтер).

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар осы Тәртіптің 4.7 тармағына сәйкес құжаттарды Корпоративтік хатшыға осы Тәртіптің 4.4 т. белгіленген мерзім ішінде ұсынады.

4.8 Конкурсқа қатысуға жіберілмейтін тұлғалар:

- 1) жиырма бес жасқа толмағандар;
- 2) бұрын сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағандар;
- 3) өтелмеген немесе алып тасталмаған соттылығы барлар;
- 4) арнайы медициналық мекемелерде есепте тұратындар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

4.9 Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің мәжілісінде қарау үшін құжаттарды қабылдайды және дайындайды;

3) Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау үшін Директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференцбайланыс (қажет болған жағдайда) арқылы өткізуді қамтамасыз етеді, отырыстың өту барысына бейнеконференцияның қарыншылығын қамтамасыз етеді;

4) жасырын дауыс беру өткізуді қамтамасыз етеді, соның ішінде қажет болған жағдайда бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын басқа да электронды тәсілдерді қолдану арқылы;

5) Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымына Директорлар кеңесімен сайланған (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) кандидаттардың тізімін жасайды.

4.10 Директорлар кеңесі жеті күн ішінде осы Тәртіптің 4.5 тармағында көзделген талаптарға құжаттардың сәйкестігін қарайды, және Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) үміткерлермен әңгімелесу жүргізеді.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.12 20 беттен
---	---	----------------

4.11 Директорлар кеңесінің мәжілісі Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде ұштан екісі қатысса өкілетті болып саналады.

Директорлар кеңесінің отырысына кандидаттардың қатысуы міндетті.

4.12 Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарауға арналған Директорлар кеңесінің отырысында бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге рұқсат етіледі.

4.13 Басқарма мүшелерінің лауазымдарына үміткер тұлғалардың (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) құжаттарын БКБ арқылы қарау және әңгімелесу бойынша Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға кандидаттың мүмкіндігі болмаса, әңгімелесу үш жұмыс күнінен аспайтын басқа күнге ауыстырылады, бұл ретте Корпоративтік хатшы қайталап әңгімелесуден бір күн бұрын кандидатты хабардар етеді.

4.14 Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің лауазымдарына (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) кандидаттардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу өткізу нәтижелері бойынша, жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен Басқарма мүшесі лауазымына кандидатты анықтайды.

Кандидаттың жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында қызмет өтілі, басқалар тең жағдайда, кандидатты Басқарма мүшесі лауазымына ұсыну үшін ерекше артықшылық болып саналады.

4.15 Егер Директорлар кеңесінің қарауына осы Тәртіпте белгеленген талаптарға сәйкес Басқарма мүшесі лауазымына екеуден аз кандидаттың құжаттары ұсынылса, не құжаттар (конкурстық өтінімдер) түспесе, кері шакырылса немесе кандидаттар ұсынылмаған болса, Директорлар кеңесі Конкурсты өтпелі деп танып, Конкурсты қайтадан өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның материалдары, Директорлар кеңесінің он қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ қызмет тізімі, өтініші және конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың құжаттары Корпоративтік хатшыда сақталады.

4.16 Әңгімелесу қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) сайлау туралы, олардың 3 жылдан аспайтын өкілеттік мерзімі туралы шешім қабылдайды.

4.17 Директорлар кеңесімен қабылданған он шешім негізінде Басқарма Төрағасы – Ректор Басқарма мүшелерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шартын жасайды.

4.18 Басқарманың әрбір мүшесімен (Басқарманың академиялық мәселелер жөніндегі мүшесін қоспағанда) Директорлар кеңесімен



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрагасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.13 20 беттен
---	---	----------------

белгіленген мерзімге енбек шарты жасалады. Шарттың мерзімі аяқталған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша енбек шарты ұзартылады немесе Басқарма мүшесі лауазымына Конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

4.19 Енбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Басқарма мүшесі атқаратын лауазымына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының енбек заңнамасының талаптарына сәйкес енбек шарты бұзылады.

5. Қорытынды ережелер

5.1 Тәртіпті бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

5.2 Егер осы Тәртіптің жекелеген тармақтары қолданыстағы Заңнамага қайшы келсе, ол тармақтардың құші жойылады және сол тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде осы Тәртіпке тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін қолданыстағы Заңнаманың нормаларын басшылықта алу қажет.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАК	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.14 20 беттен
---	---	----------------

Қосымша 1
(23.04.2024, №3 хаттама негізінде озгертулер мен толықтырулар)

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кенесі, 160012, Шымкент қаласы, Тауке-хан даңғылы, 5 «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасы-Ректор бос лауазымына орналасуға конкурс жариялады, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Тауке-хан даңғылы, 5

Қоғам қызметінің мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі және қосымша білім саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қоғам қызметінің мақсаты ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауга бағытталған сапалы білім алу, оқыту және білім беру үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және зерттемелерді коммерциялау үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысуышыларға қойылатын талаптар:

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің бар болуы, ғылыми атағының (болғаны жөн);

2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент, мемлекеттік жастар саясатының қафидаттарын білу (соңғы 3 жылдағы растау құжаттарымен);

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағыларының болуы (соңғы 3 жылдағы растау құжаттарымен);

5) көшбасшылық, креативтілік, жаңашылдық, сыйни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа төзбеушілік;

6) казак және орыс тілдерін менгеру, ағылшын тілі болғаны жөн (менгеру деңгейі туралы сертификат көрсетіледі);

7) ғылым және жоғары білім сферасындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы (соңғы 3 жылдағы).

Соңғы 3 жылда Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру бойынша сертификаттардың (куәліктердің) болғаны жөн

Конкурсқа қатыса алмайды:

1) жиырма бес жасқа толмаған;

2) бұрын сыйбайлас жемкорлық жағынан құқық бұзушылық жасаган;

3) өтмелеген немесе алынбаған сottылығы бар;

4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер келесі құжаттарды ұсынады:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) Конкурсқа қатысуышының жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) белгіленген үлгідегі 3x4 түсті фотосуретімен конкурсқа қатысуышының қызмет тізімі;

4) жоғары оқу орнының даму бағдарламасы;



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.15 20 беттен
---	---	----------------

5) білім туралы құжаттар мен олардың косымшаларының көшірмелері, салыстыру үшін олардың түпнұсқаларын ұсыну арқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматтары - «Болашак» халықаралық стипендия иегерлеріне шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтар және зертханалармен берілген, сонымен катар өзара растау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру мекемелерінен алынған білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы үәкілетті органмен берілген білім туралы осы құжаттарды ностирификациялау немесе растау туралы күәліктердің көшірмесі қоса тіркеледі;

- «Болашак» халықаралық стипендиясының игерлерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша оқуын аяқтағаны туралы анықтаманың көшірмесі қоса тіркеледі;

- өзара растау және эквиваленттілік туралы халықаралық шарттардың (келісімдердің) қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы үәкілетті органмен берілген осы білім беру құжаттарын растау туралы анықтаманың көшірмелері қоса тіркеледі;

6) жұмыс орны (ағымдағы немесе соңғы) бойынша кадр қызметі күәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) құжаттарды ұсынған күнге дейін алты ай ішінде берілген денсаулығы туралы № 075/u үлгі бойынша медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды);

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамага сәйкес құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жылдан аспайтын мерзімде берілген жүйке-психиатриялық ұйымның анықтамасы;

9) мемлекеттік қызметтер туралы заңнамага сәйкес құжаттарды тапсыру күніне дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;

10) қылмыстық заңнамага сәйкес лауазымға орналасуға тыйымның жоктығын растайтын құжат.

11) соңғы 3 жылдағы ғылым және жоғары білім сферасындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының көшірмесі.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі, ғылыми (гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру), білім беру және инвестициялық жобаларға қатысу туралы құжаттардың көшірмелері, тәрбиелік сипаттағы жарияланымдардың көшірмелері, сондай-ақ олардың кәсіби қызметін сипаттайтын өзге де мәліметтер түрінде растайтын құжаттарды ұсынады.

Қоғамның даму бағдарламасының мазмұны мыналарды камтуы тиіс:

1) Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша пайымы, миссиясы, Қоғамдағы бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мүдделер мен міндеттерді сактауға сәйкес Қоғамның құндылықтары мен даму перспективалары (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары);

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (максаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) Қоғам тап болатын және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі сын-катерлер және олар бойынша шешімнің ұсыныстары (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, мәселелер, шешімдердің сабактастығы);



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.16 20 беттен
---	---	----------------

4) конкурска қатысушы ұсынатын Қоғамның даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

Қоғамның даму бағдарламасы Power Point форматында көлемі 10 слайдтан аспайтын презентация түрінде рәсімделуі керек.

Конкурска қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Конкурс өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда аталған құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім Комитетіне жеткізу қажет (643 каб.), телефон: 8 (7172) 74-24-26.

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.17 20 беттен
---	---	----------------

Қосымша 2
(Басқарма Төрағасы-Ректор үшін)

(уәкілдегі орган)

Отініш

Мені «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы–Ректорының бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Басқарма Төрағасы–Ректордың лауазымына Директорлар кеңесімен іріктеу және тағайындаудың негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Ұсынылған құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Мекенжай және байланыс телефоны _____

_____ (колтаңба)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

«_____» 20 ____ ж.

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.18 20 беттен
---	---	----------------

Қосымша 3
(Басқарма мүшелері үшін)

«М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің төрағасына

Θтініш

Мені «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма мүшесі,

бос лауазымына орналасуға арналған конкурска катысуға жіберуінізді сұраймын.

Басқарма мүшесі, _____
лауазымына Директорлар кеңесімен іріктеу және тағайындаудың негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Ұсынылған құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Мекенжай және байланыс телефоны _____

(қолтаңба)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

«____» ____ 20 ____ ж.

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.19 20 беттен
---	---	----------------

Косымша 4

лауазымына кандидаттың
ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) /
фамилия, имя, отчество (при наличии)

лауазымы/должность, санаты/категория
(болған жағдайда/при наличии)

ФОТО
(түрлітүсті/
цветное, 3x4)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ

1. Тұған күні және жері/

Дата и место рождения

2. Ұлты (қалауы бойынша)/

Национальность (по желанию)

3. Оқу орнын бітірген жылды және оның атауы/

Год окончания и наименование учебного заведения

4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) /

Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)

5. Шетел тілдерін білуі/

Владение иностранными языками

6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) /

Государственные награды, почетные звания (при наличии)

7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) /

Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)

8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда)

/Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Баскарма Төрағасын –Ректорды іріктеу мен тағайындау және Баскарма мүшелерін сайлау тәртібі	6.20 20 беттен
---	---	----------------

9. Соңғы үш жылдагы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занына сәйкес аттестаттау нәтижелері бойынша бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)/

Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период, а также, по результатам аттестации в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании»

10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации

қабылданған/приема

босатылған/увольнения

Кандидаттың қолы/
Подпись кандидата

күні/дата

